

Қожа Ахмет Ясауиатындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Медицина факультеті
Оқу-әдістемелік комитетінің
№7 мәжілісінің хаттамасы

18.03.2025 ж.

ОӘК-ке қатысқандар: факультет деканы, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нускабаева Г.О., 1-2 курс координаторы, аға оқытушы Аймаханов М.С., 3-4 курс координаторы оқытушы Назарова Л.К., 5 курс және магистратура, докторантура координаторы, магистр оқытушы Шойбек А., Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, аға оқытушы Минтасова А.С., Академиялық комитет төрағасы, аға оқытушы Ильясова Г.Т., медицина факультетінің кафедра меңгерушілері.

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

2. Оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысын талқылау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

3. Көктемгі сессия емтихан сұрақтарын, тапсырмаларын талқылау, бекітуге ұсыну. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

4. Әртүрлі мәселелер.

4.1. Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы М.А. Сарбасованың «Шұғыл жағдайлар: диагностика, шұғыл көмек көрсету алгоритмы» атты оқу құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

1. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Факультет деканы Г.О. Нускабаева сөз алып, 2025 жылдың қаңтар айында білім алушылар арасында күзгі семестр нәтижесі бойынша «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама онлайн түрде өткізілді, білім алушылардың сауалнамаға қатысуын тиісті факультет эдвайзерлері ұйымдастырды. Академиялық мәселелер департаментінен Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығының бақылауымен факультеттерден жауапты қызметкерлер білім алушылардың қатысуын қамтамасыз етті. Сауалнама IT департаменті орнатқан бағдарламамен автоматты түрде бақыланып отырды, білім алушылар логин, пароль арқылы кіріп тапсырғандығын атап өтті.

ШЕШІМ 1.: ББ білімгерлерінің, оқытушы профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысын талқылау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова сөз алып, 2024-2025 оқу жылындағы оқытушы-профессорлар құрамының әдістемелік семинарларға қатысу белсенділігі туралы баяндама жасады. Семинарлардың мақсаты – педагогикалық шеберлікті арттыру, заманауи оқыту технологияларын меңгеру және білім беру процесінің сапасын жақсарту болды. Кафедра меңгерушілері өз кафедраларындағы оқытушылардың қатысу көрсеткіштері мен белсенділігі туралы ақпарат берді. Бірқатар кафедраларда семинарларға қатысу деңгейін арттыру және қатысу нәтижелерін талқылау қажеттілігі айтылды.

ШЕШІМ 2.: Әдістемелік семинарларға оқытушы-профессорлардың қатысуын жүйелі түрде бақылау факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасына және кафедра меңгерушілеріне жүктелсін. Әр кафедра семинарларға қатысу нәтижелері туралы ай сайын есеп беріп отырсын. Семинарларда қаралған өзекті әдістемелік мәселелер мен тәжірибелер кафедра отырыстарында талқыланын.

3. Көктемгі сессия емтихан сұрақтарын, тапсырмаларын талқылау, бекітуге ұсыну.
Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.

Кафедра меңгерушілері сөз алып, көктемгі семестрдегі емтихан сұрақтарын, тест тапсырмаларын және практикалық емтихан материалдарын білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарларына және пән бағдарламаларына сәйкестендіріп әзірлегенін атап өтті. Факультет деканы Г.О. Нускабаева емтихан материалдарының академиялық адалдық пен әдістемелік талаптарға сай болуын қамтамасыз ету қажеттігін айтты. Кафедра меңгерушілері кафедралар бойынша әзірленген сұрақтар мен тапсырмалар туралы ақпарат берді, кейбір пәндер бойынша нақтылаулар енгізу жөнінде ұсыныстар жасады.

Әр кафедра меңгерушісі өз пәндерін бақылауға алып отырғанын мәлімдеді.

ШЕШІМ 3.: Кафедралардың көктемгі семестрдегі емтихан сұрақтарын, тапсырмаларын бекіту назарға алынсын!

4. Әртүрлі мәселелер.

4.1. Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы М.А. Сарбасованың «Шұғыл жағдайлар: диагностика, шұғыл көмек көрсетуалгоритмы» атты оқу құралын университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне талқылауға ұсыну.

Бұл мәселе бойынша аға оқытушы, ОӘК төрағасы А.С. Минтасова сөз алды: «М.А. Сарбасованың қазақ тілінде дайындаған оқу құралы қазіргі күнгі талаптарға сәйкес құрастырылған, енгізілген ақпараттар жеткілікті, теориялық және тәжірибелік мағынасы бар. Сондықтан медицина факультетінің 5 курс және медицина колледжінің білім алушыларына ұсынылады. Әртүрлі шұғыл жағдайлар жедел медициналық көмекті қажет етеді, бұл көмекті дұрыс көрсету зардап шегуші немесе науқас тағдырына тікелей әсер етеді. Өміріне қауіп төндіретін шұғыл жағдайларды диагностикалаудың негізгі принциптерін білу, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету ережелерін білу кез келген саланың медицина қызметкерінің дұрыс көмек көрсетуіне көмектесіп, мыңдаған зардап шегушіге дұрыс алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыруға бағытталып жасалынған».

Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, PhD Садыкова К.Ж.: «Автордың дайындаған оқу құралында әртүрлі жағдайларда жедел көмекті қажет ететін және сол көмекті дұрыс көрсету зардап шегуші немесе науқас тағдырына тікелей әсер ететіндігі туралы жазылған. Сонымен қатар, студенттерге өмірге қауіп төндіретін шұғыл жағдайларды диагностикалаудың негізгі принциптерін білуді, госпитализацияға дейінгі алғашқы көмек көрсету дағдыларын үйретуге, жедел көмек көрсетудің алгоритмын құрастыруға, тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын және науқастарға кеңес беруді жетілдіруге, адам өміріне қауіп төнген жағдайда дұрыс шешім қабылдай білуді үйретуге,

асқынулардың алдын-алуды үйретуге, зардап шегушілерді және кенеттен науқастанғандарды тасымалдау барысында қолайлы жағдайды қамтамасыз етуді үйретуге негізделген.

Комитет мүшелері оқу құралын бірауыздан басылымға шығаруға ұсынды.

ШЕШІМ №4.1.: Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы М.А. Сарбасованың «Шұғыл жағдайлар: диагностика, шұғыл көмек көрсету алгоритмы» атты оқу құралы университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне қарауға ұсынылсын.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы



А.Минтасова